

**«Сұлукөл жалпы орта білім беретін мектебі»КММ**

**«Қамқоршылық кеңес» отырысының**

**ХАТТАМАСЫ №3**

Қатысқандар:

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

- 1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары**
- 2. Педагог мәртебесі туралы заң жобасын талқылау**
- 3. Бос білім беру үйымдары басшыларын тағайындаудағы қамқоршылық кеңесінің ролі Тындалды:**

1-мәселе Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құлбарақова Қ. кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары бойынша жылдық жұмыс жоспары таныстырып, I жарты жылдықта атқарылған іс-шаралар есебін баяндады. Осы уақытқа дейін мектеп оқушыларының арасында құқықбұзушылық фактлерінің тіркелмегенін жеткізді. Кеңес мүшелері сөз сөйлеп, құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында оқушылардың түнгі уақытта /22.00-ден кейін/ көшеде журмеуін қадағалап, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесіп рейд жұмыстарын жандандыруды ұсынды.

Тындалды: 2 мәселе 2023 жылы қабылдауға ұсынылған педагог мәртебесі туралы заң жобасын кеңес төрағасы Абдиров М. таныстырып, талқылауға ұсынды. Ұсынылған заң жобасында мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері үшін барлық иғіліктер қарастырылған. Мұғалімдердің жүктемесін азайтуға, жоспардан тыс тексерістер мен міндеттен тыс функцияларды азайтуға мүмкіндіктер беретінін айтты.

Тындалды: 3 мәселе Қамқоршылық кеңесінің тәрайымның орынбасары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандығы № 57 бүйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының басшыларын конкурсстық орналастыру және мектепке дейінгі, орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру үйымының басшысы лауазымына конкурсстық тағайындау» қағидаларындағы қамқоршылық кеңесінің міндеттерімен таныстырды.

Шешімі:

- 1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары жандандырылсын.**
- 2. Ұсынылған педагог мәртебесі туралы заң жобасындағы мәселелер ұсынылсын.**
- 3. Бос білім беру үйымдары басшыларын тағайындауда қамқоршылық кеңесімен бірлесе жұмыстар жүргізілсін.**